



**«СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ»  
ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ОҚУ СЕМИНАРЫНЫҢ  
ХАТТАМАСЫ**

24.02.2023ж.

№ 6

Коплаенс-офицер.

Е.Құрбанов

Шымкент қаласындағы сыбайлас  
жемқорлыққа қарсы мәдениетті  
қалыптастыру жөніндегі  
сарапшылар пулының мүшесі.

Г.Дулатова

**КҮН ТӘРТІБІ:**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңының 9 - бабына сәйкес және Шымкент қаласы ДСБ ШЖҚ «Жоғарғы медицина колледжі» МКК бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартындағы жоспарна сай Коплаенс-офицер Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі соңғы өзгерістер мен толықтырулар туралы колледж қызметкерлерімен оқу, түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Шымкент қаласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі сарапшылар пулының мүшесі Г.Дулатова Қазақстан Республикасының Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды күшейту мәселелері бойынша кейбір баптарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілгені туралы айтып өтті.

Бүгінде Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жалпы мемлекеттік мәртебе берілген, сыбайлас жемқорлықты жою және оның көріністерін болдырмау жөнінде қоғамдық және саяси күштермен бірлесіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ауқымды науқан жүргізілуде.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз қызыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі» түсініледі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы

мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілеті.

Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті дегеніміз, ол сол тұлғаның қоғам қауіпсіздігіне және игілігіне сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін қамтитын қасиеті. Ол индивидтің жай ғана сыбайлас жемқорлықты төзбеуі ғана емес, сонымен қатар оны жоюға, онымен күресуге талпынуы.

Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет дегеніміз ол жемқорлыққа қарсы белсенді азаматтық позиция. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет тұлғада құқықтық шеңберде іс-әрекет етуі үшін белгілі бір біліктіліктердің болуын талап етеді, олар: жемқорлықты әлеуметтік зұлым ретінде тани білуі, сыбайлас жемқорлықпен күрес негіздерін және оның қоғам өмірінің кез келген саласында деңгейін төмендету үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалана білуі.

Индивидтің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің деңгейі оның тұлға ретінде дамуы деңгейінің айнасы. Яғни, әр бір адам белгілі бір деңгейде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті болады, ол не төмен, не жоғары деңгейде болуы мүмкін.

Сонымен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті келесі алгоритмде қарастыруға болады: индивидтің құқықтық багажы – оның құқық нормаларын сақтауға дағдысы, заңды бұзбауға дағдысы, жемқорлыққа қарсы құқықтық белсенділігі. Ол дегеніміз индивидтің тек өз іс-әрекетін ғана құқықтық норма шеңберінде ұстауға ұмтылысы емес, сонымен қатар, жемқорлыққа қатысты кез келген заңбұзушылыққа қарсы тұруға дайындығы.

Осы арада сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің келесі функцияларын атап өтуге болады: танымдық функция (*қоғамның түрлі жүйелерінде болып жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы процестерді зерттеу және түсіндіру*), ол индивидтің жемқорлық көріністерін құқықтық тәжірибеде біліп, түсінуімен сипатталады. Осы функцияны жүзеге асыру барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы процестерді зерттеп, түсіндіру жүзеге асады. Реттеуші функция (өзінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекетінің құқықтық талаптармен салыстырмалы түрде қарастыру), үлгілеу функциясы (*ұғыну, мәнін түсіну негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет моделін қалыптастыру*).

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда өскелең ұрпақпен жұмыс қағидатты маңызды рөл атқарады. Тек жас кезінен мінез-құлықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарын енгізу бұл әлеуметтік зұлымдықты жоюға мүмкіндік береді. Бала кезінен тұлғаны қазақстандық патриотизм және сыбайлас жемқорлықты қабылдамау рухында тәрбиелеу маңызды болмақ.

Талай сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар азаматтардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асырған кездегі құқықтық сауаттылығы әлсіздігінің салдары болып табылады. Осыған байланысты, халық арасында кең ауқымды түсіндіру

ҮЛГІЛЕР АЛЬБОМЫ  
КОДТЫҚ БЕЛГІЛЕНУІ: 05/13-14  
АТАУЫ: ХАТТАМА

БАСЫЛЫМ: 1  
3 БЕТТІҢ 3-БЕТІ  
МЕРЗІМІ:24.02.202

жұмысы, олардың жасын, кәсіби және өзге де ерекшеліктерін ескере отырып, азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру жөніндегі жүйе қалыптасуы тиіс.

Директордың оқу –  
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Жастар ісі жөніндегі  
комитетінің инспекторы

Кооплаенс-офицер



А.Бұлдырықова

Ш.Жолдасова

Е.Құрбанов



SHYMKENT  
ADALDYQ ALAŇY

